ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
"Көкібел" жалпы білім беретін мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

# Қамқоршылық кеңесінің

**(іс қағаздар топтамасы)**



*Көкібел ауылы*

CamScanner көмегімен сканерленген

| ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ «КӨКІБЕЛ» ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | | РЕСПУБЛИКА КАЗАКСТАН КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА «КОКИБЕЛ» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА КАЗЫГУРТСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ |
|---|---|---|

# БҰЙРЫҚ

**С.Рақымов а/ о.** **№ 280** **15.07.2022ж**

**Қамқоршылық кеңесін құру**
**және ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын және Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

I. Қамқоршылық кеңесінің жұмыстарын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы басшылыққа алынсын.

II. Жалпы білім беретін «Көкібел» жалпы орта білім беретін мектеп» бойынша «Қамқоршылық» кеңесінің алқасы, кеңеске мүшелердің келісімі негізінде төмендегідей құрамда құрылсын.

1. Налибаев Кененбай Керимбекович- «Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы, ауыл биі.
   Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

2. Буденбаев Ертуган Костаевич – Қазығұрт аудандық маслихат депутаты.
3. Джамалбеков Жандос Зейнуллаевич – С. Рахимов ауылдық округі әкімі апаратының бас маманы.
4. Копжасарова Майра Садуахасқызы – «Жамбыл» дәрігерлік амбулаториясының аға мейірбикесі.
5. Байгулбаев Нуриддин Ордабекович – Қазығұрт АПБ ЖПК УПИ полиция аға лейтенанты.
6. Алдашов Азат Ерханович – жеке кәсіпкер.
7. Копжасаров Сапарбек Сейлалиевич – Кәсіподақ комитетінің төрағасы.
8. Эльмира Бекбавулова – Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері.
9. Аман Нариман Құрбанұлы – ата-аналар комитетінің төрағасы.

III. Кеңес мүшелеріне «Қамқоршылық кеңесінің ережелері» таныстырылсын.

IҮ. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы мен құжаттарын түгендеу үшін хатшысы болып мектеп мұғалімі Тәңірбергенов Насредин тағайындалсын.

II. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ. Ахаевқа міндеттелсін.

Мектеп директоры: Ж. Куздеубаев

Нәлібаев Кененбай
Буденбаев Ертуған
Джамалбеков Жандос
Копжасарова Майра
Байгулбаев Нуриддин
Алдашов Азат
Копжасаров Сапарбек
Эльмира Бекбавулов
Аман Нариман

Бұйрықпен таныстым: ____________ ____________________

CamScanner көмегімен сканерленген

| ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ «КӨКІБЕЛ» ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | | РЕСПУБЛИКА КАЗАКСТАН КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА «КОКИБЕЛ» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА КАЗЫГУРТСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ |
|---|---|---|

**БҰЙРЫҚ**

**С.Рақымов а/ о.** **№ 280** **01.07.2022ж**

**Қамқоршылық кеңесін тарату туралы**

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 10.06.2022 жылғы №25/04-25/2665 шығыс хаты негізінде ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығының 30 тармағы 1) тармақшасы және Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 23.06.2022ж. күнгі №508 хатын басшылыққа ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

I. Жалпы білім беретін «Көкібел» жалпы орта білім беретін мектеп» бойынша «Қамқоршылық» кеңесі таратылсын.

II. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ. Ахаевқа міндеттелсін.

Мектеп директоры: Ж. Куздеубаев

«Бекітемін»
Мектеп директоры: Ж.Куздеубаев
« 15 » « 08 » 2022 ж

«Көкібел» жалпы орта білім беретін мектебі КММ-нің жанынан құрылған «Қамқоршылық» кеңесінің 2022-2023 оқу жылында атқаратын жылдық жұмыс жоспары

| № | Атқаылатын жұмыстар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектепішілік қамқоршылық кеңестің бірінші отырысын ұйымдастыру | қыркүйек | К.Нәлібаев |
| 2 | Қамқоршылық кеңес мүшелерінің мектеп ата-аналарының комиттетінің төрағаларымен сұхбат өткізу, жоспарлармен таныстыру | Ретіне қарай | К.Нәлібаев<br>З.Исахов |
| 3 | «Мектепке жол» « Мейірімді жүрек» т.б акциялардың өткізілуін ұйымдастыру. | Тоқсан сайын | Кеңес мүшелері |
| 4 | Сынып жетекшілермен бірлескен түрде мектептегі әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды анықтау | Қыркүйек қаңтар | Кеңес мүшелері<br>Әлеуметтік педагог |
| 5 | Мектептің есепшісі, Мектеп басшысының есебін тыңдау | Желтоқсан | К.Нәлібаев<br>Кеңес мүшелері |
| 6 | Кеңестің мектеп ұжымымен отырысын ұйымдастыру , кеңестің қағидалары бойынша жұмыстар жүргізу | қаңтар | К.Нәлібаев<br>Кеңес мүшелері |
| 7 | «Қамқорлық акциясын» ұйымдастыру | ақпан | Кеңес мүшелері |
| 8 | Мектептегі әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың сауықтыру орталықтарына, лагерлерге баруын ұйымдастыру | Ретіне қарай | К.Нәлібаев |
| 9 | Кеңестің жылдық есебі, қорытынды отырысын ұйымдастыру | Мамыр | Кеңес мүшелері<br>К.Нәлібаев |

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: К.Нәлібаев

Хатшысы: Н.Тәңірбергенов

CamScanner көмегімен сканерленген

## Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Көкібел» жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-нің қамқоршылық кеңесінің ХАТТАМАСЫ

### ХАТТАМА № 1.

**Көкібел ауылы** **15.08.2022 ж.**

«Көкібел» жалпы орта білім беретін мектебінде Қамқоршылық кеңесінің жиналысы болып өтті.
Өткізілген орын: Мектептің информатика бөлмесі.
**Қатысқандар:** 15 адам.
Қамқоршылық кеңес мүшелері, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Қ.Ахаев, директордың оқу істері жөніндегі орынбасары Е.Алтаев, әлеуметтік-педагог М.Лесбай

**Күн тәртібінде:**

1. **«Мектепке жол» акциясының өтілуі жөнінде мәліметтер жинағы**
2. **Әр түрлі мәселелер**

**«Қамқоршылық» кеңес төрағасы Налибаевв Кененбай** жиынға келген кеңес мүшелеріне, мектеп әкімшілігіне жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жақсы тілектерін айтты.

1. **Мәселе бойынша сөз кезегін алған директордың оқу істері жөніндегі орынбасары Е.Алтаев** сабақ кестесінің талапқа сай, нұсқаулыққа сүйене отырып, заң аясында жасалғанына тоқталып негізі пәндердің барлығын, таңдау пәндері мен факультатив пәндер және сынып сағаттарының дүйсенбі күнмен жұма күндер аралығында қойылып өтілетінін түсіндірді. Енді кеңес мүшелері тарапынан сабақ уақытысының басталуын бекітіп беруін сұрады. **Сөз кезегін алған кеңес мүшесі Ж.Жамалбеков** ата-аналардың басым көпшілігі жұмыста болуын ескере келе, сабақтың басталуы сағат 9: 00 де бастасақ деген ұсынысын айтты. Кеңес мүшелері М.Көпжасарова мен С.Көпжасаровтар осы бастама дұрыс болады деп ұсынысты қолдады.

2. **Мәселе бойынша директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасары Қ.Ахаев** дәстүрлі өткізіліп келе жатқан «Мектепке жол» акциясына тоқталды. Ол өз сөзінде «Мектепке жол» акциясы бойынша іс-шара жоспары жасалынып жауапты мектептің әлеуметтік-педагогы Лесбай Мәлс және сынып жетекшілерге ескертулер жасалынды. «Мектепке жол» акциясы жұмыстар жүргізіліп жатқанын ескере келе, демеушілік жасаушы кәсіпкерлерге «Мектепке жол» акциясына қатысуына өтініштер білдірді. Бірақ та әлі де балаларды қамту жұмыстары жүргізілуде. Мектеп қорындағы оқулықтармен қамту оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды толықтай қамту бірінші кезекте жұмыстар жүргізілуде. Демеушілік жасаушы кеңес мүшесі жеке кәсіпкер Алдашов Азат Ералханович екенін атап айтқым келеді, және де ол кісінің демеушілік жасаймын немесе демеушілік жасауға үгіт насихат жұмыстарын жүргізуді сұраймын деп өз сөзін нақтылады. Әлеуметтік-педагог М.Лесбайдың жасаған тізімін сіздерге ұсынып отырмын, мектепке қажетті оқу құралдары мен қамтылуын сұраған ата-



CamScanner көмегімен сканерленген

аналардың өтінішінің негізінде жасаған тізім, сіздердің талдауларыңыздың нәтижесінен соң мектеп басшасы бекітіліп қамтылу жұмыстары жүргізіледі. (қосымша 1 парақ). Тізіммен танысып өздерінің сұрақтарын қойып керекті мәліметтерін алып, тізімді бекітуге бірауыздан келіскен кеңес мүшелері жалпы 10 оқушыны оқу құралдарымен қамтылады деп келісімдерін берді.

Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың оқыту барысында биылғы жылыда компьютерлік құралдармен қамтылуы жөнінде мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары Қ.Ахаев ұсыныс білдірді. Кеңес төрағасы К.Нәлібаев қанша ата-ана атаулы көмек алушы есебінде тіркелген деп сұрақ қойды. Мектептің әлеуметтік педагогы М.Лесбай бүгінгі күнге дейін, аудандық білім бөлімімен бірлескен жұмыстар атқару кезінде 6 отбасы тіркелгені жөнінде тізім бар екенін айтты және он оқушы мектепте ыстық тамақпен қамтылғаны жөнінде нақтылап айтып өтті. К.Нәлібаев онда осы отбасылардың балаларын қамтуылуына жеке тоқталып тізім нақтыланып, мектеп директоры Ж.Куздеубаевтың бекітіп беріп, тізімге сай оқушыларды қамту жұмыстарын жүргізуді қатаң қадағалауды өзіне қалдыратытын айтты.

Түрлі мәселе бойынша сөз алған «Көкібел» жалпы орта білім беретін мектептің директоры биологиялық ата-аналары қайтыс болуына байланысты 10-сынып оқушысы Оразалиев Бағдәулет, 9-сынып оқушысы Оразалиев Нұрдәулет, 7-сынып оқушысы Оразалиев Бекарыс заңды қамқорлыққа алынбағандығы анықталып отыр. Жоғарыда аталған балаларға Оразалиев Абайдың екінші әйелі Лесбекова Жадыра қамқорлық жасап жатыр. Алайда Лесбекова Жадыраның заңды балаларды өз қамқоршылығына алуы заңдастырылмаған. «Мектепке жол» акциясы бойынша осы балаларға ауыл, ағайын болып әлеуметтік жәрдем беруді ұсынамын. Сондай-ақ Оразалиев Абайдың екінші әйелі Лесбекова Жадыраның заңды түрде жоғарыда аттары аталған балаларды өз қамқорлығына алуына көмек беруіміз керек деп санаймын

Келесі кезекте сөз алған Қазығұрт АПБ ЖПК УПИ полиция аға лейтенанты Н.Байгулбаев осы мәселемен өзінің таныс екендігін айтты. Заң аясында шешу жолдарын түсіндіріп өтті. Лесбекова Жадыраны үш айлық курсқа жіберуіміз керек.

Кеңес мүшелері бір ауыздан мақұлдап, көмек берілсін деген ұсыныстарын айтты.

**«Қамшоршылық» кеңес шешім етеді:**

1. «Мектепке жол» акциясы бойынша жұмыстар өз жалғасын тапсын.
2. Ата–анасының қамқорлығынсыз қалған мына 10-сынып оқушысы Оразалиев Бағдәулет, 9-сынып оқушысы Оразалиев Нұрдәулет, 7-сынып оқушысы Оразалиев Бекарыстар мектепішілік есепке алынып іс-шара жоспарлары жасалынып әр балаға тәлімгерлер бекітілсін және мектептің түрлі үйірмелерге тартылуы өз шешімін тапсын.

**«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:** **К.К.Налибаев**

**Хатшы:** **Н.К. Танирбергенов**

**Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Көкібел» жалпы орта білім беретін мектеп»КММ-нің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің**

# Х А Т Т А М А С Ы

## ХАТТАМА № 1

**Көкібел ауылы** **16.08.2022 ж.**

«Көкібел» жалпы орта білім беретін мектебіндеҚамқоршылық кеңесінің кезектен тыс жиналысы болып өтті.

**Жиналысқа қатысқандар:** 24 адам
Мектеп директоры Ж.Куздеубаев
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 7 мүше
Ата-аналар комитетінің мүшелері – 3
Педагог-психолог - 1
Әлеуметтік педагогтар-1
Сынып жетекшілер - 10

**Тыңдалды:**

1. Сөз кезегі мектеп директоры Ж.Куздеубаевқа берілді. Өз сөзінде 2022-2023 оқу жылында мектептегі түрлі әлеуметтік мәртебедегі білім алушыларға жасалынып жатқан көмектерге тоқталды. ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64қаулы бойынша Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары туралы ережеге сәйкес келетін білім алушыларға көмек берілетінін айтты.
2. Келесі сөз кезегін алған әлеуметтік педагог М.Лесбай алды. Өз сөзінде Ұлттық білім беру базасында (НОБД) бойынша мектепте <u>АӘК алатын 6 білім алушы. Осы сандық көрсеткіштегі білім алушылардың тізімдерімен таныстырып өтті. Тізім төмендегіше: АӘК (АСП) алушы отбасы балалар тізімі</u>

| Қ/с | Оқушының аты-жөні | сынып | Мекен-жайы |
|---|---|---|---|
| 1. | Абилда Серік Қайратұлы | 9 | А.Құралов 23 |
| 2. | Базаров Сымбат Кайратович | 4 | А.Құралов 23 |
| 3. | Зулпыхар Айгерім Нұрқұлқызы | 7 | А.Құралов 22 |
| 4. | Зулпыхар Айдар Нұрқұлұлы | 3 | А.Құралов 22 |
| 5. | Зулпыхар Еркінбек Нұрқұлұлы | 4 | А.Құралов 22 |
| 6. | Зұлпыхар Ерсінбек Нұрқұлұлы | 2 | А.Құралов 22 |

Мектептің әлеуметтік педагог М.Лесбай осы мәліметтерді кеңес мүшелерінің алдында тізімдермен таныстырып, осы білім алушыларға көмек берілетінін айтты.
Кеңес мүшелері бір ауыздан мақұлдап, көмек берілсін деген ұсыныстарын айтты.

**Қаулы етеді:**

1. ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулыдағы ережеге сәйкес жоғарыдағы білім алушылардың тізімі Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне сұраныс берілсін;



CamScanner көмегімен сканерленген

2. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалардың тізімдерімен іс-құжаттарын заң талаптарына сәйкес жинақтау әлеуметтік педагогтар М.Лесбайға жүктелсін;
3. ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулыға сәйкес білім алушылардың 1-қосымша формаға сәйкес білім алушылардың тізімі мен іс-құжаттарын Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері М.Шертайға уақтылы өткізу әлеуметтік педагогтар М.Лесбайға жүктелсін;

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** **К.Налибаев**

**Хатшы:** **Н.Танирбергенов**

CamScanner көмегімен сканерленген

**Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Көкібел» жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-нің қамқоршылық кеңесінің Х А Т Т А М А С Ы**

**ХАТТАМА № 1-1**

**Көкібел ауылы** **« 16 » 08 2022 ж.**

«Көкібел» жалпы орта білім беретін мектебіндеҚамқоршылық кеңесінің жиналысы болып өтті.

***Жиналысқа қатысқандар:***

Мектеп директоры м.а. С.Копжасаров

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев

Ата-аналар

Мектеп қызметкерлері

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңесін құру
2. Түрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

1-мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесін құру туралы мектеп директоры м.а.С.Копжасаров хабарлама жасады.

**Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді.) бойынша талап-ережелерге тоқталып өтті.«Қамқоршылық» кеңесінің жаңа құрамы құрылғаны жайлыТүркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 10.06.2022 жылғы №25/04-25/2665 шығыс хаты негізінде ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сүйене отырып, Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Көкібел" жалпы орта білім беретін мектебінің жанында құрылған «Қамқоршылық кеңесі» осы бұйрықтың 30-тармағы 1)тармақшасы негізінде таратылған болатын. Бұйрықтың 2-тарауы 5,6,7,8,9-тармақшаларын басшылыққа ала отырып, қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамын құрылатынын хабарлаймын. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты:білім беру ұйымына қолдау көрсету,қаржылық қолдауды қамсыздандыруда,материалдық –техникалық базасының нығайуына септесу,сондай-ақонның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты.Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттарымен функцияларымен де таныстырып өтті.Қамқоршылық кеңесінің бағыттары:білім беру,әлеуметтік-мәдени, сауықтыру,дамыту бағыттарындағы іс–шараларға көмек көрсету.Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен мен жұмыспен қамтылуын жақсарту.Білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мен білім беру ұйымы басшылығының қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі туралы айтты.Мына төмендегі құрам бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасын, және мүшелерін ұсынамын:

1. «Қамқоршылық» кеңесінің төрағасына ауыл биі Налибаев Кененбай Керимбековичті.

«Қамқоршылық» кеңесінің мүшелеріне:

2. Қазығұрт аудандық маслихат депутаты Буденбаев Ертуган Костаевичті
3. С.Рақымов ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманыДжамалбеков Жандос Зейнуллаевичті
4. "Жамбыл" дәрігерлік амбулаториясының аға мейірбикесіКопжасарова Майра Садуахасқызын



CamScanner көмегімен сканерленген

5. Қазығұрт АПБ ЖПК УПИ полиция аға лейтенанты Байгулбаев Нуриддин Ордабековичті
6. Жеке кәсіпкер Алдашев Азат Ерхановичті
7. Кәсіподақ комитетінің төрағасы Копжасаров Сапарбек Сейдалиевичті
8. Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Эльмира Бекбавулованы
9. Ата-аналаркомитетініңтөрағасыАманНариманҚұрбанұлын

Хатшысы ұйымдастырушы педагог Танирбергенов Насреддин Калыкуловичті ұсынамын. Ендігі кезекте өз ой-пікірлеріңізді білдіріңіздер. Жиналысқа қатысушылар ұсынылған тұлғаларды қолдап, дауыс берді.

**Шешім:**

1. «Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы болып ауыл биі Налибаев Кененбай Керимбекович сайлансын.
2. «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері болып мына төмендегі тұлғалар сайлансын::

- Қазығұрт аудандық маслихат депутаты Буденбаев Ертуган Костаевич
- С.Рақымов ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Джамалбеков Жандос Зейнуллаевич
- "Жамбыл" дәрігерлік амбулаториясының аға мейірбикесі Копжасарова Майра Садуахасқызы
- Қазығұрт АПБ ЖПК УПИ полиция аға лейтенанты Байгулбаев Нуриддин Ордабекович
- Жеке кәсіпкер Алдашев Азат Ерханович
- Кәсіподақ комитетінің төрағасы Копжасаров Сапарбек Сейдалиевич
- Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Эльмира Бекбавулова
- Ата-аналаркомитетініңтөрағасыАманНариманҚұрбанұлы
- Хатшысы ұйымдастырушы- педагог Танирбергенов Насреддин Калыкулович.

3. Мектептің материалдық базасының нығайуына үлес қосу,оның қызметіне бақылау жүргізу қамқорлық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін.
4. Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандыру,қайрымдылық жұмысстарын жүргізу алға қойылсын.

**«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:** **К.К.Налибаев**

**Хатшы:** **Н.К. Танирбергенов**

CamScanner көмегімен сканерленген

**Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің**
**«Көкібел» жалпы орта білім беретін мектеп»КММ-нің**
**кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің**

# ХАТТАМАСЫ
**№2**

**Көкібел ауылы** **«26» 08 2022 ж.**

«Көкібел» жалпы орта білім беретін мектебіндеҚамқоршылық кеңесінің кезектен тыс жиналысы болып өтті.

**Жиналысқа қатысқандар:** 30 адам

1. Мектеп директоры Ж.Куздеубаев
2. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев
3. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 7 мүше
4. Ата-аналар комитетінің мүшелері – 7
5. Сынып жетекшілер - 14

**Күн тәртібінде:**

Мектеп оқушыларының кабинеттер бойынша сынып комплектіленуі.

**Хабарламашы:**"Көкібел" жалпы орта білім беретін мектептің директоры Ж.Куздеубаев

**Тыңдалды:**

Сөз кезегі мектеп директоры Ж.Куздеубаевқа берілді. Өз сөзінде 2022-2023 оқу жылында мектептегі кабинеттердің сыныптар бойынша комплектіленуіне тоқталып өтті. Биылғы оқу жылында МДС және 1-11 сыныптар бойынша 14 сынып комплекті болады деп жоспарлап отырмыз. Мектебіміз 2016 жылы пайдалануға берілгенде 200 орынға есептелген болатын. Жалпы кабинеттердің сиымдылығы 18 балаға арналған. Алайда қазіргі таңда бала саны артып, кабинеттерге 24 баладан артық бала симай жатыр. Десек те, биылғы оқу жылында 1-сыныпқа 28 бала ата-аналардың өтініштері бойынша қабылданды.

Келесі сөз кезегін алған мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев мектебіміздегі кабинеттер жаңа оқу жылына дайын екеніне тоқталып өтті.

Келесі кезекте сөз алған қамқоршылық кеңесінің төрағасы К.Налибаев бұл мәселені қалай шешуге болады деп көпшілікке өз ойын айтты. Ата-аналар, сынып жетекшілері оқушылар 24 баладан асқан жағдайда көрші мектептерге әкімдік тарапынан тасымал ұйымдастырылып оқулары керек деді. Кейбір ата-аналар басқа ауылдағы мектепке баласын оқытқысы келмейтінін айтты. Кабинеттер стандартына сәйкес, 18-24 бала бір кабинетте оқи берсе болады.Одан асып кеткен жағдайда санитарлық талапқа да сай келмейді.Алдағы уақыттарда Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі арқылы бірлесіп бұл мәселенің шешімі табылады деп сенеміз.

**Қаулы етеді:**

1. Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне бұл жағдай жөнінде мәлімет берілсін.
2. 2022-2023 оқу жылына 14 сынып комплектіленсін.
3. Әр сыныпқа тиісті кабинеттер анықталып, бекітілсін.
4. Кабинет жетекшілері кабинеттерді жабдықтау жоспарларын ары қарай жүзеге асырсын.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** **К.Налибаев**

**Хатшы:** **Н.Танирбергенов**



CamScanner көмегімен сканерленген

**Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Көкібел» жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-нің қамқоршылық кеңесінің Х А Т Т А М А С Ы**

**ХАТТАМА № 15.**

**Көкібел ауылы** **« 29 » 07. 2022 ж.**

«Көкібел» жалпы орта білім беретін мектебіндеҚамқоршылық кеңесінің жиналысы болып өтті.

**Жиналысқа қатысқандар:**
Мектеп директоры м.а. С.Копжасаров
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев
Ата-аналар
Мектеп қызметкерлері

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңесін тарату

**Тыңдалды:**

Жоғарыдағы мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесін тарату туралы мектеп директоры м.а. С.Копжасаров хабарлама жасады.

**Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді.) бойынша талап-ережелерге тоқталып өтті.«Қамқоршылық» кеңесінің жаңа құрамы құрылғаны жайлы Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 10.06.2022 жылғы №25/04-25/2665 шығыс хаты негізінде ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сүйене отырып, Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Көкібел" жалпы орта білім беретін мектебінің жанында құрылған «Қамқоршылық кеңесі» осы бұйрықтың 30-тармағы 1)тармақшасы және Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 23.06.2022 ж. күнгі хатын негізінде таратылғанды туралы хабарлаймын.

**Шешім:**

2. Қамқоршылық кеңесін таратылсын.

**Хатшы:** **Н.К. Танирбергенов**

CamScanner көмегімен сканерленген

«Көкібел» жалпы орта білім беретін мектебі КММ-нің жанынан құрылған «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидалары

**І-тарау Жалпы ережелер**

1Мектептегі қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 44 бабының 9 тармағына сәйкес әзірленеді және мектептің Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және онысайлау тәртібін айқындайды.

**ІІ. Қамқоршылық кеңестің өкілеттілігі**

2.Мектептің қамқоршылық кеңесі:

2.1 Мектептің оқушылары мен тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуына, мектеп есебіне түскен қайырымдылық көмектің жұмсалуына бақылау жасайды.

2.2Мектептің жарғысына өзгетулер немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді.

2.3 Мектепті дамытудың басты бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді.

2.4 Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелерін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді.

2.5 Қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржыны бөлуге қатысады,және оның мақсаты жұмсалуы туралы шешім қабылдайды.

2.6 Мектептің бюджетін қалыптастыруға ұсыныстар әзірлейді, мектеп басшысының лауазымына үміткермен бірге әңгімелесу қорытындысы бойынша хаттамалық шешім шығарады және келіседі.

2.7 Мектеп басшысының есебін тыңдау , білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша өтетін іс-шараларға қатысады.

2.8 Мектептің жұмысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді.

**ІІІ Қамқоршылық кеңестің құрамы мен кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі.**

3. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

3.1 Жергілікті өкілдік , атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері

3.2 Жұмыс берушілермен әлеуметтік әріптестердің өкілдері

3.3 Комерциялық емес ұйымдардың өкілдері

3.4 Ата-аналар комитеті ұсынған мектептің білім алушыларының ата-анасы

3.5 Қайырымдылық жасаушылар

3.6 Кеңс отырысына мектеп басшысы немесе орынбасары қатысады.

3.7 Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жыл, оның құрамы мектеп басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан тұрады.

3.8 Кеңес отырысын оның төрағасы өз бастамашылығымен ,немесе кеңес мүшелерінің үштен кісінің бастамасымен шақырады.

3.9 Шақыруға кеңес отырысының қолы қойылып, жеті жұмыс күннен кешіктірілмей қажетті құрал жабдықтармен кеңес мүшелері мен мектепке жолданады. Хаттамада өткізілетін күн, уақыты және орны жазылады.

CamScanner көмегімен сканерленген

4.Хаттаманы алған кеңес мүшесі кеңестің отырысы өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күннен кешіктірілмей отырысқа қатысатын немесе қатыспайтындығын кеңес хатшысына хабарлайды.

4.1 Кеңес отырысы қажеттілігіне қарай, тоқсанына бір реттен сиретпей өткізіледі

4.2 Қ Р Білім министлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комиттетінің аймақтық департаментінің өкілі оның отырысына дауыс беру құқынсыз байқаушы ретінде қатысуға жіберіледі.

4.3 Кеңес отырысы оның мүшелерінің үштен екісі қатысса заңңды болып табылып, кеңес мүшесінің өз дауысын кеңестің басқа мүшесіне немесе басқа адамға сенімхат арқылы беруге болмайды.

4.4 Кеңес шешімі ашық дауыс беру арқылы, оған қатысқан мүшелердің дауыстар басымдылығымен қабылданып, тепе-тен жағдайда кеңес төрағасы дауы берген шешім қабылданып, кеңестің барлық мүшелері қол қойылған хаттамамен рәсімделеді.

4.5 Кеңес отырысының хаттамасы үш жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде аудандық білім бөліміне жолданады.

**IV Мектептегі қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және Қамқоршыллық кеңесінің шешімі бойынша жұмсалады.**

**VҚайырымдылық көмектен түсетін түсімдер**:

1. Мектептегі білім алушыларға және тәрбиеленушілерге әлеуметтік көмек көрсетуге.
2. Мектептің матепиалдық техникалық базасын жетілдіруге
3. Салауатты өмір салтын насихаттап, дарынды балаларды қолдауға,
4. Білім стандартының талаптарынан тыс білім беру үрдісін ұйымдастыруға кеткен шығыстарды жүзеге асыруға.

**VI Мектеп әкімшілігі жыл сайын қаржылық жылдың қорытындысы бойынша өзінің интернет желісінде тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатының пайдалануы және қозғалысы туралы жұртшылыққа ақпарат береді.**

**VII Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату**

4. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

4.1 Аудандық білім бөлімінің бастамасы бойынша .

4.2 Мектеп таратылған болмаса қайта ұйымдастырылған жағдайда.

5. Қамқоршылық кеңесінің мүшесінің жұмысын тоқтату:

5.1 Өз бастамасы бойынша

5.2 Отырыстарға себепсіз үш рет қатарынан болмауы себепті Қамқоршылық кеңес құрамынан шығарылады.

CamScanner көмегімен сканерленген

«Көкібел» жалпы орта білім беретін мектебі
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕСІ
**«Қамқоршылық» кеңес отырысының**
**№ 2 хаттамасы**

**Өткізілген күні: 24.08.2022 жыл**
**Өткізілген орын: Ак залы**

**Қатысқандар**: «Қамқоршылық» кеңес мүшелері, Сыныптың ата-аналар комиттетінің төрайымдары мен төрағалары, директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасары Қ.Ахаев.
**Жалпы: 21 адам.**
**Қатыспағандар** : «Қамқоршылық» кеңес мүшелері: Э.Бекбавулова және Н.Байгулбаев
**Күн тәртібінде:**
1. «Көкібел» жалпы орта білім беретін мектебінің «Қамқоршылық» кеңестің жұмысын ұйымдастырудағы қағидаларының 3 тараудың 3.1-тармақшасына сай, «Қамқоршылық» кеңес құрамына атқарушы билік өкілдері және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін енгізу туралы.

2.Ыстық тамақ бойынша түскен өтініштерді зерделеу
3.Әр түрлі мәселе.

**Тыңдалды, бірінші мәселе бойынша сөз алған кеңес төрағасы К.Нәлібаев,** кезекті отырысқа келген кеңес мүшелері, сыныптың ата-аналар комиттетінің мүшелерімен жақсы тілектер айтып амандасып, күн тәртібімен таныстырды. «Қамқоршылық» кеңестің тәртібіне сәйкес, кеңес құрамында атқарушы орган және заң қызметкерлерінің болуы тиіс деген қағидамен таныстырып, мүшелікке кімді ұсынасыздар деді.
**Сөз кезегін алған , 1-сынып ата-аналар комитетінің мүшесі М.Сәменов** кім болса да, мектепке жанашырлық танытатын, жауапкершілігі жоғары , жұмысына ұқыптылықпен қарайтын азаматтың немесе азаматшаның болғанын дұрыс деп санай отырып С.Рақымов ауыл округыны әкімінің қызметкері Ж.Джамалбековты ұсынды және бұл азаматтың іскерлігін ауыл аумағында атқарылып жатқан жұмыстардан білуге болады деді. Көпшілік бір ауыздан қолдап, мақұлдады. **Келесі сөз кезегін алған 7-9 сынып оқушыларының ата-аналар комитетінің төрайымы Б.Алдашов** өйткені өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, мектеп оқушыларына жанашырлық танытып, сынып оқушыларымен қайта қайта жұмыстар жүргізіп, мектепте атқарылған іс-шаралардың бас қасында жүріп, қатысып жүргенін талай көргенбіз деп өз ұсынысын ортаға салды. **Жарыс сөзге шыққан кеңес мүшесі А. Алдашов**: Ия, мен бұл ұсынысты құптаймын, мектептің ата-аналар комиттетінің төрайымы ретінде іс-шаралардың басында менімен бірге талай бірге жүріп

CamScanner көмегімен сканерленген

атсалысқанын көргенмін. Л.Байдарова өте жауапкершілігі жоғары апай деп ойын топтады. Отырыста отырған көпшілік қолдады.

**Екінші мәселеге тоқталған кеңес төрағасы К.Нәлібаев ,** тегін ыстық тамаққа ұсыныс беріп жатқан ата аналардың әлі де бар екенін айта келе, мектебімізде 10 бала көп балалы және жұмыссыз екенін, оның ішінде екі бала жартылай жетім екенін ескере келе мектепте білім алушы 10 балаға тегін ыстық тамақпен қамтылуын сұраған. Аталған мәселе бойынша мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасы С.Көпжасаров жарыс сөзге шығып жоғарыдағы ыстық тамақпен қамтылған көп балалы және жартылай жетім балардың тамақ ішуі кезек күттірмейтін мәселе екенін айтып өтті. Жиынға қатысқан кеңес мүшелері бір ауыздан қолдап, ата-аналар комиттетерінің төрағалары мен төрайымдары да ия барлығы да өз балдарымыздың игілігі үшін, себебін өзіміз көріп жүргендей бір ауыздан келісеміз деп қолдарын көтеріп, қолдап қуаттады.

**К.Нәлібаев күн тәртібіндегі әр түрлі мәселеге тоқталды.**

**ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫ САРАЛАЙ КЕЛЕ «ҚАМҚОРШЫЛЫҚ» КЕҢЕС ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1.«Қамқоршылық» кеңестің жұмыс жасау қағидаларындағы 3 –тараудағы, 3.1 тармақшасын негізге ала отырып, ауыл әкімінің қызметкері Ж.Джамаловтың өтінімдерінің негізінде кеңес құрамына енгізілсін.

2. Тегін ыстық тамақпен қамтылуы жөніндегі әр түрлі санаттағы мына тізімдегі 10 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылып, тізімге ендірілсін.
1. Көлібай Макпал, 2. Мамыр Ердаулет, 3. Мамыр Бакдаулет, 4.Оразалы Назерке, 5. Жақсылық Шапағат, 6. Тасқұл Мұқаметжан, 7. Шегірбай Мұхамедәлі, 8.Нұржан Нұрасыл, 9.Нұржан Жанерке, 10.Арыстанбай Еңлік

3. Әр түрлі мәселе өз шешімін тапсын

Кеңес төрағасы: К.Нәлібаев
Кеңес мүшесі: Е.Буденбаев
Кеңес мүшесі: Ж.Джамалбеков
Кеңес мүшесі: М.Копжасарова
Кеңес мүшесі: Н.Байгулбаев
Кеңес мүшесі: А.Алдашев
Кеңес мүшесі: С.Копжасаров
Кеңес мүшесі: Н.Аман
Кеңес мүшесі: Э.Бекбавулова

CamScanner көмегімен сканерленген

«Көкібел» жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамқоршылық кеңесінің және ата –аналармен екінші тоқсанның қорытындысы мен үшінші тоқсанға өтілетін тәрбие жоспары туралы өтілген жиналыстың

хаттамасы №5

30.12.2022 жыл **Қатысқаны:** 36

**Күн тәртібінде:**

1. 2 тоқсанда жүргізілген тәрбиелік жұмыстар қорытындысы
2. 3 тоқсанда жүргізілетін тәрбиелік жұмыстар
3. «Родители-главные воспитатели» (Баяндама)
4. «Баланың басты ұстазы ата-ана» (Баяндама)
5. Әр түрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Кеңесті мектеп директоры Ж.Куздеубаев ашып, күн тәртібінің мәселерімен таныстырып өтті.

Бірінші және екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Ахаев сөзге шығып, 2 тоқсанда жүргізілген тәрбиелік жұмыстар қорытындысы мен және 3 тоқсанда жүргізілетін тәрбиелік жұмыстартаныстырып өтті. Алдағы уақытта кең көлемде өткізілетін іс-шаралармен таныстырды. Үшінші тоқсанда атқарылатын тәрбиелік жұмыс жоспарымен таныстырды және ата-аналарды балаларының қысқы каникул кезінде өз қамқорлығына алуын айтып өтті. Сөз барысында ата-аналарға оқушылардың жалпы тәртібі, оқушылардың сабақтан себепсіз бос жібермеу керектігі, сабаққа себепсіз кешікпеу керектігі, оқушылыр мектепте ұялы телефон (смартфон) қолданбаулары, оқу құралдарын толық әкелу керектігі т.б мәселелерге тоқталып кетті.

Мектебіміздің педагог-психологы Н.Сулейменов сөз алып үшінші және төртінші мәсәлеге тоқталып өтті. «Родители-главные воспитатели» атты баяндамасын (слайд түрінде) және «Баланың басты ұстазы ата-ана» атты баяндамасын оқып таныстырды,Ата-ана өз баласымен жақсы тіл табыса білуі, өз баласын досындай, құрдасындай сырласып тұруы керек. Әр ата-ана өз баласының болашағына алаңдауы қажет және әр ата-ана баласына дұрыс бағыт-бағдар дер кезінде беріп отыру керектігін атап өтті. Осы мәселелерге қатысты бейнероликтер көрсетілді.

Жарыссөзге ата-аналар комитетінің мүшесінің төрағасы Қ.Нәлібаев шығып, ата-аналар «Родители-главные воспитатели», «баланың бас ұстазы-ата-ана» екендігін айта келіп, ата-аналарды баланы бақылауға алып, мектеппен тығыз байланыста болуға шақырды.

Мектеп директоры Ж.Куздеубаев түрлі мәселелер бойынша сөз алды. Мектебімізде би үйірмесі және басқа да спорттық үйірмелер, қолөнер үйірмелері жұмысына тоқталып үйірме жетекшілермен таныстырып өтті. Қазіргі таңда «Домбыра дастан» домбыра үйірмесі және «Қолымнан бәрі келеді» қол өнер үйірмелері құралғанын, жетекшісі Ж.Сайранбаев пен Л.Байдаровалардың дайындығымен таныстырып өтті. Сөз соңында ата-аналарға (оқушыларға аса) балаларына жіті көңіл бөлулерін, әсіресе (түнгі) кешкі уақытта көшеге шықпауын т.б тапсырды.

**Жиналыс шешімі:**

1.2 тоқсанда жүргізілген тәрбиелік жұмыстар қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. 3 тоқсанда жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарын ұйымдастыру күшейтілсін.
3. Мектептегі үйірме жұмыстары күшейтілсін.

Жиналыс төрағасы: Ж.Куздеубаев

Жиналыс хатшысы: К.Есназарова

CamScanner көмегімен сканерленген

| ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ «КӨКІБЕЛ» ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | | РЕСПУБЛИКА КАЗАКСТАН КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА «КОКИБЕЛ» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА КАЗЫГУРТСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ |
|---|---|---|

# БҰЙРЫҚ

**С.Рақымов а/ о.** **№ 77** **16.01.2023ж.**

**1% қордың есебінен ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылар туралы**

«Әлеуметтік аз қамтылған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес жалпыға бірдей міндетті орта білім қорына беруге тиісті қаржыны жергілікті маслихатпен бірлесе отырып, 1 пайыздан 3 пайызға дейін бөлуді орындау мақсатында, қомқоршылық кеңесінің №4 отырысын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

I. Жартылай жетім және көп балалы отбасынан шыққан мына төмендегі оқушылар 1% қордың есебінен және ата – анасының өтініші бойынша ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

| | |
|---|---|
| 1 | Көлбай Мақпал |
| 2 | Мамыр Ердаулет |
| 3 | Мамыр Бакдаулет |
| 4 | Оразалы Назерке |
| 5 | Жақсылық Жанғали |
| 6 | Тасқұл Мұхамеджан |
| 7 | Шегірбай Мұхамедәлі |
| 8 | Нұржан Нұрасыл |
| 9 | Нуржан Жанерке |
| 10 | Арыстанбайкызы Енлік |
| 11 | Зұлыпхар Айдар |
| 12 | Зұлыпхар Еркінбек |
| 13 | Есназар Нұрсұлу |
| 14 | Базаров Сымбат |
| 15 | Сыйлыбай Аңсаған |

II. Оқушыларға ыстық тамақтың берілуін қадағалау мектептің әлеуметтік педагогы М. Лесбайға міндеттелсін.

III. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ. Ахаевқа жүктелсін.

Мектеп директоры: Ж.Куздеубаев.

CamScanner көмегімен сканерленген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ
«КӨКІБЕЛ» ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

№ 275
«12» 07 2023 ж.

**Сабыр Рақымов ауылдық округі**
**әкімі С.Т.Мақұлбаевқа**
**«Көкібел» жалпы орта білім**
**беретін мектеп әкімшілігінен**

Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Көкібел» жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-нен келісім хат беру себебіміз төмендегіше:

Көкібел елді мекенінде орналасқан 1,6 гектар ауыл әкімшілігіне қарасты бос жер учаскелік жерге беріліп кетпес үшін ауыл тұрғындарының ықпалымен Көкібел ауылы округі әкімінің 19.12.2007 жылғы №14 санды шешімімен «Көкібел орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне құжаттандырылған *(футбол алаңын салу үшін жер телімі 19.12.2007 жылы құжат жасалынған).*

2016 жылы салынған 200 орындық «Көкібел» жалпы орта білім беретін мектебінің жалпы алаңы - 2,3 га. Мектеп пен осы футбол алаңына арналған 1,6 га бос жердің ара қашықтығы 700 метрді құрайды. Аталған жер телімі мектеп ғимаратының шекарасына кірмейді.

Қазіргі таңда футбол алаңын салу үшін берілген жер телімі ешқандай қоршаусыз, мал жайылатын жерге айналып, қараусыз қалғандықтан, осы жер телімін Сабыр Рақымов ауылдық округінің арнайы жер қорына қайтарып беру бойынша 05.07.2023 жылы мектеп ғимаратында жиналыс өткізілді. Жиналысқа қатысқан қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ауыл ақсақалдары мен ауыл тұрғындары бір ауыздан жер теліміне спорт кешенін *(жабық футбол алаңшаларын)* салу үшін Сабыр Рақымов ауылдық округінің арнайы жер қорына қайтарып беру бойынша келісімге келді.

Аталған жиналыс нәтижесінде Көкібел елді мекенінен футбол алаңын салу үшін 1,6 гектар тұрақты пайдалану құқығымен берілген жер телімін Сабыр Рақымов ауылдық округінің арнайы жер қорына қайтарып алуыңызды сұранамын.

Қосымша: қамқоршылық кеңесінің хаттамасы мен жер телімінің құжаттары қоса тігілді.

**«Көкібел» жалпы орта білім беретін**
**мектеп» КММ директорының м.у.а.** С.Апсеа **С.Копжасаров**

CamScanner көмегімен сканерленген

Келесі сөз алған Қамқоршылық кеңес төрағасы К.Нәлібаев өз сөзінде: «Қазіргі таңда ауылға жабық спорт алаңшалары өте қажет. Жастардың спортқа жақын болуына мүмкіндіктер, ықпалдар жасауымыз керек. Бірнеше жылдардан бері ауылдың орталық спорт алаңы (стадион) қараусыз қалды. Сол жер телімін Сабыр Рақымов ауылдық округінің арнайы жер қорына қайтарып, мемлекет тарапынан қаржы бөлдіріп, жабық спорт алаңшаларын салу қажет екендігін тоқталып, ұсынысты қолдайтындығын білдірді.

Келесі сөз алған Көкібел елді мекенінің ақсақалы С.Қансейітов ауыл жастарының болашағы жарқын болуы үшін, ауыл жастары спортқа жақын болуы үшін спорт алаңшалары көп болғаны қалайтынын және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарға сәттілік тілеп ақ батасын берді.

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Қамқоршылық» кеңес шешім етеді:**

**Шешім:**

Көкібел ауылы округі әкімінің 19.12.2007 жылғы №14 санды шешімімен Көкібел елді мекенінен футбол алаңын (стадион) салу үшін 1,6 гектарды құрайтын тұрақты пайдалану құқығымен берілген жер телімі Сабыр Рақымов ауылдық округінің арнайы жер қорына қайтарылып берілсін.

**«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:** **К.К.Налибаев**

**«Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері** **Е.К.Буденбаев**

**Ж.З.Джамалбеков**

**М.С.Копжасарова**

**Н.О.Байгулбаев**

**А.Е.Алдашев**

**С.С.Копжасаров**

**Э.Бекбавулова**

**Н.Қ.Аман**

**Хатшы:** **Н.Танирбергенов**

CamScanner көмегімен сканерленген

**Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Көкібел» жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-нің қамқоршылық кеңесінің**
**ХАТТАМАСЫ**

**Көкібел ауылы** **№8** **«05» 07 2023 жыл**

**Қатысқандар:** 16 адам

Қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері, С.Рақымов ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері, Көкібел жалпы орта білім беретін мектебі ұжымы мен ауыл тұрғындары.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1.Көкібел елді мекенінде орналасқан футбол алаңының (стадион) жер телімін Сабыр Рақымов ауылдық округінің арнайы жер қорына қайтару.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Көкібел жалпы орта білім беретін мектебінде мектептің Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс жиналысы болып өтті.
Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман жер инспекторы Ж.Мамыр хабарлама жасады.
Көкібел ауылы округі әкімінің 19.12.2007 жылғы №14 санды шешімімен Көкібел елді мекенінде орналасқан 1,6 гектар ауыл әкімшілігіне қарасты бос жер учаскелік жерге беріліп кетпес үшін ауыл тұрғындарының ықпалымен уақытша «Көкібел орта мектебі» мемлекеттік мекемесіне теңгеріміне құжаттандырылған.*(футбол алаңын салу үшін жер телімі 19.12.2007 жылы құжат жасалынған)*
2016 жылы салынған 200 орындық «Көкібел» жалпы орта білім беретін мектебінің жалпы алаңы - 2,3 га . Мектеп пен осы аталған футбол алаңына арналған 1,6 га бос жердің ара қашықтығы 700 метрді құрайды. Аталған жер телімі мектеп ғимаратының шекарасына кірмейді.
Қазіргі таңда футбол алаңын салу үшін берілген жер телімі ешқандай қоршаусыз, мал жайылатын жерге айналып, қараусыз қалғандықтан, Сабыр Рақымов ауылдық округі, Көкібел елді мекенінен спорт кешенін *(жабық футбол алаңшаларын)* салу үшін аталған жер телімін Сабыр Рақымов ауылдық округінің арнайы жер қорына қайтаруға байланысты, ауыл тұрғындары атынан ұсыныстар түсіп жатқандығына тоқталды.

Жарыссөзге шыққан Көкібел ауылының ақсақалы Бекболат Абдиров өз сөзінде: «бірнеше жиналыстарда ауылға жабық спорт алаңшалары қажет екендігін айтқанмын. Нәтижесінде ауылға жабық спорт алаңшалары салынғалы жатқандығын және жиналысқа қатысқан барша азаматтарды жастардың болашағы үшін, спортпен айналысып, биіктерден көрінуі үшін алдағы атқарылатын жұмыстарға бүкіл халық болып ел игілігі үшін бір кісідей ат салысуға шақырамын» деді.

CamScanner көмегімен сканерленген

Келесі сөз алған Қамқоршылық кеңес төрағасы К.Нәлібаев өз сөзінде: «Қазіргі таңда ауылға жабық спорт алаңшалары өте қажет. Жастардың спортқа жақын болуына мүмкіндіктер, ықпалдар жасауымыз керек. Бірнеше жылдардан бері ауылдың орталық спорт алаңы (стадион) қараусыз қалды. Сол жер телімін Сабыр Рақымов ауылдық округінің арнайы жер қорына қайтарып, мемлекет тарапынан қаржы бөлдіріп, жабық спорт алаңшаларын салу қажет екендігін тоқталып, ұсынысты қолдайтындығын білдірді.

Келесі сөз алған Көкібел елді мекенінің ақсақалы С.Қансейітов ауыл жастарының болашағы жарқын болуы үшін, ауыл жастары спортқа жақын болуы үшін спорт алаңшалары көп болғаны қалайтынын және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарға сәттілік тілеп ақ батасын берді.

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Қамқоршылық» кеңес шешім етеді:**

**Шешім:**

Көкібел ауылы округі әкімінің 19.12.2007 жылғы №14 санды шешімімен Көкібел елді мекенінен футбол алаңын (стадион) салу үшін 1,6 гектарды құрайтын тұрақты пайдалану құқығымен берілген жер телімі Сабыр Рақымов ауылдық округінің арнайы жер қорына қайтарылып берілсін.

**«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:** **К.К.Налибаев**

**«Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері** **Е.К.Буденбаев**

**Ж.З.Джамалбеков**

**М.С.Копжасарова**

**Н.О.Байгулбаев**

**А.Е.Алдашев**

**С.С.Копжасаров**

**Э.Бекбавулова**

**Н.Қ.Аман**

**Хатшы:** **Н.Танирбергенов**

CamScanner көмегімен сканерленген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ
«КӨКІБЕЛ» ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 133
«16» 09 2022ж.

Аудан әкімінің жанындағы
кәмелетке толмағандардың
істері және олардың
құқықтарын қорғау жөніндегі
комиссия мүшелеріне
«Көкібел» жалпы орта білім
беретін мектебінің директоры
Ж. Куздеубаевтан

«Көкібел» жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында 10 сынып оқушысы 13.12.2006 жылы туылған Оразалиев Бақдәулет Абайұлы, 9 сынып оқушысы 25.03.2008 жылы туылған Оразали Нұрдәулет Абайұлы, 7 сынып оқушысы 27.03.2010 жылы туылған Оразалы Бекарыс Абайұлы оқиды. Осы аталған оқушылардың туған анасы Жанибекова Максат Муратовна 15.11.2010 жылы қайтыс болған. Анасы қайтыс болғаннан кейін әкесі Балабеков Абай Оразалыұлы Лесбекова Жадра Касимбековнаға үйленеді. Екеуінің екі қызы бар. 26.08.2021 жылы Балабеков Абай Оразалыұлы қайтыс болады. Алайда үш ұлы заңды қамқорлыққа алынбаған. Осы үш бала мен екі қызды қазіргі таңға дейін өз үйінде (Балабеков Абайдың үйінде) Лесбекова Жадыра тәрбиелеуде.

Алайда Балабеков Абайдың туыстарына, екінші әйелі Лесбекова Жадраға осы балалардың заңды қамқоршысы болу үшін қажетті құжаттарды жинақтау керектігі түсіндірілген. 15.08.2022 жылы мектеп жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестің кезекті отырысында осы балалардың жаңа оқу жылына дайындығы, қамқорлыққа алынбағандығы туралы және қамқорлыққа алу үшін керек құжаттардың тізбесі туралы мектеп ұжымы тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізілгендігі айтылған. Оқушылар мектепте толық қажетті оқу құралдарымен қамтылған. Осы отырыс барысында қамқорлыққа алу туралы қандай жұмыстар атқарылу керектігін мектептің әлеуметтік педагогы Лесбай Мэлс және учаскелік полиция лейтинанты Байғұлбаев Нуриддин кеңеске қатысушыларға түсіндіріп өтті. Қазіргі балаларды өз қамқорлығына алу үшін тәрбиелеп отырған Лесбекова Жадраны балаларға бейімдеу туралы үш айлық курстан өтіп, сертификат алу керектігі тағы да айтылды.

Лесбекова Жадыра **Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Төлеби отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне** курсқа тіркелген.

Мектеп директоры: Ж.Куздеубаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ «КӨКІБЕЛ» ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 130
«12» 09 2022ж.

**Қазығұрт ауданының**
**адами әлеуетті дамыту**
**бөлімінің басшысы**
**А.Уисимбаевқа**
**Көкібел жалпы орта**
**мектебінің директоры**
**Ж.Куздеубаевтан**

Көкібел жалпы орта білім беретін мектебі, Сіздің 10.09.2022 жылғы ЖТ-2022-02310520, ЖТ-2022-02310492 санды өтініштер бойынша төмендегіні мәлімдеймін.

Қазіргі таңда кәмелетке толмаған балалар: 20.12.2006 жылы туылған Оразалиев Бакдаулет Абайұлы, 02.04.2008 жылы туылған Оразали Нұрдаулет Абайұлы, 30.03.2010 жылы туылған Оразалы Бекарыс Абайұлдарының анасы Жанибекова Максат Муратовна 15.11.2010 жылы, әкесі Балабеков Абай Оразалиевич 26.08.2021 жылы қайтыс болуына байланысты Көкібел ауылы А.Құралов көшесі №69 үйдің тұрғыны (өгей анасы ) Лесбекова Жадра Касимбековна балалардың тәрбиесімен айналысып жатқандығы анықталды. Қазіргі таңға дейін балалардың заңды өкілі ретінде қорғаншылыққа алу бойынша ешкімнен өтініш немесе хабарлама түспеді. Мектеп тарапынан әлеуметтік педагог,педагог-психолог,сынып жетекшілері үйіне бірнеше рет барып,қорғаншылыққа алу бойынша дайындалатын құжаттарды туралау керек екендігі ескертіліп айтылды.

Жазған өтініштер бойынша түсінік жүргізу барысында Лесбекова Жадра және қасындағы Көкібел ауылының тұрғындары,көршілерімен сөйлесіп, қорғаншылық тағайындау барысында заңды өкіл ретінде туысы, өгей әкесі (өгей шешесі) түріндегі көрсетілетін қызметті алушы жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген кезден бастап күнтізбелік бір жыл ішінде көрсетілетін қызметті берушіге "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 91-бабының 4-тармағына сәйкес психологиялық даярлықтан өткені туралы сертификат алу керек екендігі түсіндірілді.

Сол себепті жазған өтініштерін қараусыз қалдырып,кері қайтаруды сұрап өтініш-түсінік жазып беруіне байланысты, 14.09.2022 жылғы аудан әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысынан алып тастауын сұрап жатқандығын хабарлайды.

**Мектеп директоры:** **Ж.Куздеубаев**

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесі
Кіріс № 274
«12» 09 2022ж.

CamScanner көмегімен сканерленген